

# Платон



ІКАZ.KZ - ашық мәліметтер  
порталы

# Платон туралы




Платон (көне грекше: Πλάτων, б.з.д. 427 — 347) — ежелгі грек философы, математик, Сократтың шәкірті, еуропалық идеализм философиясының негізін салушы. Платон оның лақап аты болып, жауырыны кең болғандықтан "жалпақ", "кең" деген мағынада Платон деп аталған. Платонның шын есімі — Аристокл.



- Платон философиялық ізденістің алғашқы нұсқасының бірегей өкілі болды. Әсіресе классикалық философия Платонды өз арқау дәстүрі етіп қалыптасқаны белгілі. Платонның Афина қаласында құрған Академиясы адамзат мәдениетіндегі ең алғашқы жоғары оқу орынының таңдаулысы есептеледі. Платон және ұстазы Сократ және шәкірті Аристотель үштігі шығыс (мұсылман әлемі) пен батыс (христиан әлемі) тарихында философия мен ғылымның алғашқы негізін қалаған ойшылдар есептеледі.

---

Платон өз шығармашылығында түрлі жазушылық үлгісін кең пайдаланған, әсіресе ойшыл-ғұламалар ортасындағы философиялық сұхбатты негіз еткен Платон диалогтары үлгісі негізгі орында тұрады. Платон диалогтары философияны, этиканы, риториканы, дін және математиканы қамтыған ғылым-білім үйретудің және тәрбие берудің күрделі жүйесін құрайды.





- Әдетте, Платонға қатысты "Платонша махаббат", "идея туралы теория", "тума білім", "Платон коммунизмі" қатарлы ұғымдар көбірек айтылады. Оның басты теориясы дерексіз объект - нақты өмір сүретін нәрселердің артында тұратын біртұтас идеяның өзгеше шындығы туралы болып, ол әдетте платонизм деген атаумен сипатталады.



Платонның алғашқы өмірі мен тәрбиесі туралы деректер жоқтың қасы. Тек бұл философ Афинадағы өте бай саясаткер отбасында туылғаны белгілі. Антикалық дереккөздер оның үйренуге құштар, өте кішпейіл жас болғанын сипаттайды. Оның әкесі баласына өз заманындағы білімді ұстаздардан грамматика, музыка, спорт және философия салалары бойынша өте жақсы тәрбие алуға жақсы мүмкіндік жасағаны байқалады.



- Платонның шынымен нақ қай уақытта қайда туылғаны түбегейлі айқын емес, бірақ оның ықпалды аристократ отбасыда туылғаны анық. Антикалық негізгі дереккөздер Платонның Афинада, немесе Эгинада б.з.д 429 бен б.з.д. 423 жылдар аралығында туылғанын айтады.
- Платонның әкесінің аты Аристон (Ἀρίστων). Диоген Лаэртскийдің айтуынша, Аристон Афинаның патшасы Кодр (Κόδρος) және Мессен патшасы Меланфпен (Μέλανθος) қандас туыс болып келеді екен.



- Платонның анасы Периктион болып, Периктион әйгілі Солон патшаның жақын туысы деп әспеттелген. Солон патша Афинаның тұңғыш заң шығарушы билеушісі, Сақ ойшылы Анахарсистің досы, ақын, жеті ғұламаның бірі есептеледі. Периктион сондай-ақ олигархтық режимдегі Отыз тиранның бірі болған Хармиданың қарындасы, Критийдің жиені болып, олардың бәрі Пелопоннес соғысының (б.з.д.404–403) соңында Афинаның күйреуімен бірге болған.





**Назарларыңызға  
рахмет!!!**